



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

07 қазан 2022 жыл

### Алматы және Астана қалаларының жетекші жоғары оқу орындарында қазақстандық брокерлердің "KASE FEST" жәрмеңкесі басталды

Іс-шара Дүниежүзілік қор биржалары Федерациясының (WFE) жыл сайынғы World Investor Week 2022 бағдарламасын қолдау мақсатында ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – қазақстандық қор нарығында сауда-саттықты танымал ету, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық компанияларының IPO қарсаңында әлеуетті инвесторлардың қаржылық сауаттылық деңгейін арттыру.

Жыл сайын Қазақстандық қор биржасы "World Investor Week" Дүниежүзілік науқаны аясында қаржылық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізеді. Биылғы жылы ұлттық компаниялардың IPO қарсаңында біз "KASE FEST" жәрмеңкесі форматында бірнеше іс-шаралар өткізу туралы шешім қабылдадық, оның мақсаты бөлшек инвесторларды Қазақстанның қор нарығының жұмысымен, онда қолжетімді қаржы құралдарымен және өнімдермен таныстыру болып табылады. Жәрмеңкелерде кез келген адам қазақстандық брокерлік ұйымдармен және Биржамен таныса алады, брокерлік шотты қалай ашуға және KASE мобильді қосымшасында биржалық симуляторда өз білімдерін сынауға болатынын біле алады", – деді Қазақстан қор биржасының (KASE) Басқарма Төрайымы Алина Алдамбергенова.

Бірінші жәрмеңке 2022 жылдың 7 қазанында KIMEP (Алматы қ.) өткізілді. Жәрмеңкеде келушілер "Самұрық-Қазына" АҚ және "ҚазМұнайГаз" ҰК басшылығымен кездесті. Қазақстандық қор биржасының сарапшылары шеберлік сыныптарын өткізді, ал Қазақстанның жетекші брокерлері қатысушыларға IPO деген не және ол не үшін жүргізілетіні, инвестордың IPO-ға кірісі неден қалыптасатыны, инвестициялаудың қандай тәуекелдері бар, нарықта жұмысты қанша сомадан бастауға болатындығы және т. б. туралы айтып берді.

"Мұндай кездесулердің мақсаты – халыққа Қор тобының активтерін бәсекелестік ортаға беру жоспарлары мен тәсілдері туралы ақпаратты түсіндіру. Әрине, біз IPO кандидаттарына, яғни қор нарығына шығарылатын Қордың ірі компанияларына басты назар аударамыз. Біз IPO-ға шыққаннан кейін компаниялардың "өмірі" сапалы түрде өзгеретініне сенімдіміз, өйткені оларға Листингтің жоғары талаптарын қатаң сақтау, үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес ішкі және сыртқы процестерді жүзеге асыру, инвестициялық қоғамдастықпен, оның ішінде бөлшек инвесторлармен белсенді өзара іс-қимыл жасау, корпоративтік басқару деңгейін үнемі арттыру, өз қызметін ашық және жария түрде жүргізу, барлық акционерлері үшін пайданы барынша арттыруға ұмтылу қажет болады!", - деп атап өтті "Самұрық-Қазына" АҚ активтерді жекешелендіру және қайта құрылымдау департаментінің директоры Дастан Адиходжаев.

"Өздеріңіз білетіндей, "Самұрық-Қазына" қоры жақын арада "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ акциясын IPO арқылы сатуға қояды. Сауда-саттық екі қазақстандық биржада өтеді: KASE және AIX. Бүгінгі таңда әр акция қандай бағамен ұсынылатыны туралы шешім әлі қабылданған жоқ, бұл туралы біз қосымша хабарлаймыз. Бұл ретте барлық акциялар бірыңғай бағамен сатылатын болады. Алдағы IPO "ҚазМұнайГаз" акцияларын сатып алу үшін жақсы мүмкіндік болатынын атап өтеміз. Алайда, акцияны сатып алу туралы шешімді сіз барлық пайда мен тәуекелдерге, сондай - ақ сіздің қаржылық жағдайыңызға қарай өз бетіңізше қабылдауыңыз керек", - деп есептейді "ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Қаржы департаментінің директоры Марат Диканбаев.

Жәрмеңкеге келушілер KASE Mobile мобильді қосымшасында KASE бағалы қағаздар нарығында онлайн оқу сауда-саттығына қатысудың бірегей мүмкіндігін пайдаланды, ол өзін инвестор ретінде алғаш рет сынап көруге шешім қабылдағандар үшін таптырмас көмекші бола алады.

Биржалық симулятор – Биржа 2008 жылдан бастап студенттер үшін жүргізіп келе жатқан қаржылық сауаттылықты арттыру жобасы. Соңғы жылдары жобаға қатысу KASE Mobile қосымшасы арқылы жүзеге асырылуда. 2022 жылы Биржа қосымшаның функционалдығын өзгертті, енді кез-келген инвестор нарыққа шықпас бұрын виртуалды сауда-саттыққа қатыса алады, осылайша болашақта нақты сауда-саттықта аз қателіктер жіберіледі.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржалары арасында екінші орында және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру көлемі бойынша бесінші орында. Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетел валюталары, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуроазиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары тұрақты даму үшін" бастамасының қатысушысы болып табылады.

*Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).*